

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Астана қаласы

15-17 мамыр 2024 ж.

Астана қаласының Білім басқармасы және Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен **«ИНКЛЮЗИВТІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ АСПЕКТІЛЕРІ: САБАҚТАСТЫҚ ПЕН МҮМКІНДІКТЕР»** тақырыбында Астана қаласы әкімдігінің №2 педагогикалық-психологиялық түзету кабинетінің ашылғанына 10 жыл толуына орай республикалық ғылыми-практикалық конференция өтетінін хабарлаймыз.

Негізгі мақсат – білім беру ұйымдарының педагогтері арасында арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы үздік тәжірибелермен алмасу; білім беру ұйымдары мен мамандар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, жаңа идеялар мен жобаларды дамыту.

Конференцияға келісім бойынша Оқу-ағарту министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті мамандары, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының инклюзивті білім беру орталығы мамандары, Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы және Балаларды ерте дамыту институты өкілдері, өңірлердің Білім басқармаларының мамандары, әдістемелік орталықтар (кабинеттер) әдіскерлері, жалпы орта білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтер, БАҚ өкілдері, қоғамдық ұйымдар, шақырылған қонақтар қатысады деп күтілуде.

Сондай-ақ, іс-шара аясында Астана қаласы әкімдігінің №№1,2 педагогикалық-психологиялық түзету кабинеттері, №2 арнайы мектеп және №65 мектеп-гимназиясы педагогтері озық іс-тәжірибелерімен бөлісетін болады.

Конференция материалдары <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында жарияланады.

Өткізу мерзімі: 15-17 мамыр, 2024 ж.

Өткізу түрі: офлайн/онлайн

Басталуы: 10.00

Қосымша ақпарат үшін: 8 (7172)48-11-57